



12-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ОЙЛАУ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ

Баланың жазбаша сөйлеуінің даму
тарихы





Қазір оқитын дәрісіміз жазбаша сөйлеудің тарихи аспектілеріне арналады. Дәрісіміздің өзектілігін айқындап алу мақсатында Выготский Лев Семеновичтің келесі сөзіне цитатадан бастайық. Выготскийдің «Балаға әріп танытып, одан сөздер құрастыруға үйретеміз, бірақ жазуға үйретпейміз» дегенінің негізінде қандай мәселе жатқанын анықтауға тырысайық.

Өз сөзінде автор: «Оқу механизмінің алға шығып кететіні соншалық, тіпті жазуға бөгет болады, осыдан келіп жазу мен оқу механизміне үйрету осы механизмді саналы қолданудан басым түседі. Осы сияқты оқиға керең-мылқау балаларды ауызша сөйлесуге үйрету барысында болған, осы жағдайда мұғалімдердің бар назары баланың артикуляциясын дұрыс дағдыландыруға, жекелеген дыбыстарды «қою» мен оларды анық айтуға бағытталды» дейді.

Мектеп оқушыларын жазбаша сөйлеуге емес, сөзді жазуға үйретеді, сондықтан белгілі бір дәрежеде жазбаша сөйлеуге үйрету дәстүрлі таза және көркем жазу деңгейінен әлі көтеріле қойған жоқтығы рас. Бұл жағдайды Выготский алдымен тарихи себептермен түсіндіріледі: оқу мен жазуды оқытудың көптеген тәсілдерінің бар екеніне қарамастан, практикалық педагогикада балаларды жазуға үйретудің жеткілікті рационалды, ғылыми және іс жүзінде нақтыланған әдістері әлі де жасалған жоқ деген ойын айтады.

Баланың өзі игеретін ауызша сөйлеуді үйренуімен салыстырғанда, жазбаша сөйлеуге үйрету жасанды дағды негізінде қалыптасады, ал бұл мұғалім мен оқушы тарапынан көп көңіл бөлуді керек етеді және осының салдарынан өзіндік мәні бар нәрсеге айналып, жазбаша сөйлеу соңғы жоспарға ығыса беріп жатыр. «Жазуға үйрету әлі күнге дейін баланың табиғи даму қажеттілігі мен іс-әрекетіне негізделмей, рояльда ойнау дағдысы секілді техникалық дағдыны игеруді еске түсіреді» деп суреттей келе, автор «Мұндай жағдайда оқушы саусақтарының шапшаңдығын арттырады, нотаны оқиды, клавиштерді басады, бірақ ол музыканың тылсым күшіне мүлдем бойлай алмауы да мүмкін жағдай» дейді. Жазу механизмімен бір жақты ғана әуестену тек іс жүзінде ғана емес, сауалды қоюдың теориялық жағына да әсер етеді. Психология ғылымы да қарапайым жазуды күрделі техникалық дағды, қолдың ұсақ бұлшық еттерінің өсуі, ұзын және қысқа сызықшалар мәселесі т.б. түрінде қарастырып келеді деген ойды айту арқылы тақырыптың өзектілігін көрсетті.

Жазбаша сөйлеу проблемасы — символдар мен белгілердің ерекше жүйесін меңгеру тұрғысынан баланың бүкіл мәдени дамуында күрт өзгерістерінің кезеңі болса да, психологияда өте аз зерттелген мәселе. Выготский жазбаша сөйлеу дамуының негізгі кезеңдерін белгілеп, басты даму сатыларына ғана тоқталған. Бала үшін жазбаша тілді меңгеру — белгілердің ерекше және аса күрделі символдық белгілер жүйесін меңгеру болып табылады. А.Делакура айтқандай, бұл жүйенің ерекшелігі бірте-бірте тура символизм болып қалыптасатын символдық мәндердің 2-ші деңгейі. Өйткені, жазбаша тіл өз кезегінде шынайы заттар мен қатынастардың белгілері болып табылатын, ауызша сөйлеудің сөздері мен дыбыстарының шартты күрделі белгілер жүйесінен тұрады. Біртіндеп аралық байланыс, әсіресе ауызша сөйлеу жойылып, жазбаша тіл белгілі заттарды тікелей және оның арасындағы байланыстарды білдіретін белгілер жүйесіне айналады. Мұндай белгілердің күрделі жүйесін меңгеру механикалық түрде сырттан, жай айтылудан жасанды жаттығу жолымен іске аса қоймайтыны бәрімізге белгілі.

Сонымен қатар жазбаша тілді меңгерту, мектептегі дағдыландырудан тыс болса да, шындығында, баланың әрекетінің жоғары функцияларының дамуының жемісі екені белгілі. Жазбаша сөйлеуге үйретуді тарихи тұрғыдан қарау арқылы, яғни бұл кезеңді баланың мәдени дамуының бүкіл тарихымен байланыстырсақ қана жазу психологиясы жөнінде дұрыс шешімге келе аламыз дейді Лев Семенович.

Выготскийге баланың жазба тілінің даму тарихын зерттеуде үлкен қиындық туған. Себебі, баланың жазбаша тілінің даму тарихында небір кездейсоқ метаморфозалар, яғни жазба тілінің бір формасының екіншісіне ауысуы кездеседі. Болдуиннің бейнелеуі бойынша, онда инволюция сияқты эволюция да бар. Яғни біз даму, алға жылжу және жаңа формалардың туындау процесімен қатар, әр қадамымызда ескілердің қайта жасалуын, жойылуын, жасалып шығуын белгілей аламыз дейді автор.

Баланың мәдени даму тарихындағы сияқты, мұнда Выготский дамудың секірмелі өзгерістерімен, дамудың бұзылуымен немесе үзілуімен жиі кездеседі. Баланың жазбаша тілінің даму сызығы кейде жоғалып кететін сияқты, содан соң қайтадан шығады, белгісіз жаңа жол басталады, бір қарағанда, бұрынғы және жаңадан басталғандардың арасында ешқандай сабақтастық байланыс жоқ сияқты көрінеді деп жазады өз естеліктерінде. Жекелеген ұсақ өзгерістердің бірте-бірте жинақталуы, бір форманың екіншіге өтуі секілді эволюциялық процестер өтіп жатқан процестердің шынайы мәнін біздің көзге көрсетпеуі мүмкін. Дамудың барлық процесін өсу процесі деп түсінетіндер жоғарыда айтылған баланың жазба тілінің даму тарихының



метаморфозаларына және үзілістеріне, өшіп қалуына қарамастан, дамудың бірыңғай жолы ретінде, өсіп-өну процесі ретінде қарауға қарсы.

Баланың мәдени даму процесінің барлығы, оның психикалық даму процесі сияқты, революциялық даму бейнесін көрсетеді. Мәдени орта мен баланың органикалық пісіп жетілуінің күрделі әрекетінен туындайтын адам мінез-құлқындағы мәдени дамудың типі әр қадамында осындай революциялық дамудың мысалдарын көрсетеді. Жалпы ғылым үшін революциялық даму типі жаңа нәрсе емес, ол бала психологиясы үшін жаңа нәрсе, сондықтан жеке, батыл зерттеулерге қарамастан, балалар психологиясында баланың жазбаша тілінің даму тарихын, тарихи процесс және біртұтас даму процесі ретінде бере алмаған.

Автор «жазуды меңгерудің психологиялық жақтары бала мінез-құлық формасынан тыс таза сыртқы, механикалық емес, мінез-құлық дамуының белгілі кезеңіндегі генетикалық мүмкіндіктерге байланысты болуы керек» дейді. Жазба тілінің дамуы алғашқы, біршама анық мәдени даму жолына қатысты, себебі ол адамзаттың мәдени даму процесінде туындаған және жасалған факторлардың сыртқы жүйесін меңгеруге байланысты. Бірақ факторлардың сыртқы жүйесі баланың өзінің психикалық функциясы, оның мінез-құлқының ерекше формасы болуы үшін, адамзаттың жазба тілі баланың жазба тілі болуы үшін дамудың күрделі процесі қажет.

Осы тақырыптағы Л.С.Выготскийдің ғылыми зерттеуінің алғашқы міндеті: бала жазба тілі тарихының бастапқы тарихын ашу, баланы жазуға не итермеледі, бұл тарихтың алдындағы жағдайлар қандай маңызды кезеңдер арқылы болды, оның мектептегі оқумен ара қатынасын көрсету болды. Баланың жазба тілінің ілкі тарихы мен жазудың дамуын дайындайтын сатыларды арнаулы талдаусыз ашып көрсету мүмкін бола бермейді. Әдетте, ол сатылар қолайсыз сыртқы жағдайлардың әсерінен өте баяу, жеке дамуы мүмкін, сондықтан оларды әркез байқап, анықтау қиынға соғады дейді ғалым. Сол себепті де жазба тілдің бастапқы тарихын ашудың жинақталған маңызды сәттерін нақты тәсілдермен көрсету эксперименттік зерттеу болып табылады. Выготский өзін қызықтыратын құбылысты зерттеу үшін оны туындатып, жасап, оның қалай өтетінін қарастырды. Басқаша айтқанда, оның жұмысында жабық, қысқартылған, тереңге кеткен, ал кейде зерттелетін процесс бөлімдерінің жай бақылануы жетіспейтін жағдайларды анықтау үшін генетикалық зерттеудегі эксперименттік әдістерді қолдану принципі орын алды.

Жазудың даму тарихы баладағы алғашқы көру белгілерінің пайда болуынан басталады да, белгілердің туындауының табиғи тарихына негізделеді. Ал ым баланың болашақ жазуының болашақ діндегі ретіндегі алғашқы көру белгісі болып табылады. Ым (ишара) ауадағы жазу болып табылады, ал жазу белгісі — ыммен жай бекіген нәрсе. В.Вундт суреттің немесе пиктографиялық жазудың ыммен байланысын көрсеткен. Вундт бейнелеуші ым ишара графикалық белгінің жаңғыртылуын білдіретінін көрсетеді. Басқа жағдайда, керісінше, белгі ымның белгіленуі мен бекуі болып табылады. Үнділердің суреттік жазуы көп жағдайда қолдың қимылы немесе сұқ саусақты көрсететін біріктіруші нүктені әр кезде әр нүктені ауыстырады. Пиктографиялық жазуға айналатын сілтеуші бағыт сұқ саусақ қимылының бекуін көрсетеді. Суретті жазудағы осы барлық символикалық белгілерді, — дейді Вундт, — ым тілінен шығару арқылы ғана түсіндіруге болады, ол символдар кейін олардан бөлініп, өз бетімен өмір сүреді.

Выготский Лев Семенович балада эксперимент арқылы пиктографиялық жазуды зерттеуде, сілтеуші ымның сызық түрінде бекігендігін байқаған, бірақ бұл жағдай өте кештеу болды және дамудың ерте сатысына оралуды білдіретінін көрген. Бірақ экспериментшінің арқасында ым (ишара) мен жазу белгілерінің генетикалық байланысы біршама анық көрінді. Выготский ым мен жазу белгілерін генетикалық байланыстыратын 2 кезеңді көрсетуді ұйғарды.

Бірінші кезең — бала жасаған шимай жазулар. Тәжірибе кезінде бақылағанда, бала сурет сала отырып, ол өзі бейнелегісі келген нәрсені ыммен көрсетіп, драматизацияға жиі өтеді, артынша ыммен бейнеленгендерді қарындашпен толықтырады. Психологиялық әдебиеттерде тек осыған ғана сілтеп келген. Штерн сурет салу мен ымның болар-болмас жақындығын көрсетуге арналған керемет бақылау жүргізді. 4 жастағы балаға қолдың қимылымен бейнені салып көрсеткен. Бұл шимай жазулар қарапайым сурет салуға ауысқан соң бірнеше айдан соң болған жағдай. Мысалы, масаның бізге қолдың қимылы мен қарындаш ұшымен бейнеленген, Келесі жолы бала суретінде пердені жапқанда қалай қараңғы болатынын тақтаны жоғарыдан төменге қарай апарып, терезенің пердесін түсіріп жатқандай жағдайда көрсеткісі келді. Суреттелген қозғалыс бауды білдірмесе де, пердені қозғаудағы қозғалысты бейнелейді.

Осындай байқауларды көптеп келтіруге болады. Қалай жүгіруді бейнелеу үшін бұл қимылды екі саусақпен көрсете бастайды, ал қағаздағы жекелеген белгілер мен нүктелерді ол жүгірудің белгісі ретінде қарастырады. Ол секіруді бейнелегісі келсе, оның қолдары секіруді бейнелейтіндей қимылды жасайды,



қағазда оның іздері қалады. Выготский де балалардың алғашқы суреттері мен шимай жазуларын сурет емес, ым деп көрсетуге бейімдеді. Бұл феноменге бейімделуімізге эксперимент жүзінде тексерілген жайт, яғни баланың күрделі затты салғанда оның бөліктерін емес, жалпы сапасын беруі себеп болды. Бала цилиндрлік банканы қолымен көрсеткенде, сол ыммен бір дөңгелек нәрсені бейнелейді. Бала дамуындағы қарастырылған фаза осы жастағы баланың психикасының жалпы қимылдық бейнелерінің сипатымен сәйкес келеді.

Башушинский зерттеулері көрсеткендей, оның алғашқы суреттерінің барлық стилі мен ерекшеліктерін танытады. Сонымен бірге бала күрделі және дерексіз ұғымдарды осылай бейнелейді. Ол салмайды, тек көрсетеді, ал қарындаш оның сілтеген ымын бекітеді. Жақсы ауа-райын салуда бала қолдың толқынды горизонталды қимылымен парақтың төменгі жағын «Бұл — жер» деп көрсетеді, содан соң үстіңгі жағынан шатасқан штрихтық қимылдар жасап, «Ал мынау — жақсы ауа-райы» деп түсіндіреді.

Ым мен жазба тіл арасындағы генетикалық байланысты көрсететін екінші кезең бізді бала ойынына әкеледі. Ойындағы бір заттар екіншісін білдіреді, оларды алмастырады, олардың белгісі болып қалады. Сонымен бірге ойыншық пен зат арасында болатын ұқсастық маңызды емес екені де белгілі. Оның функционалды қолданылуы, оны бейнелеуші ым көмегімен орындау біршама маңызды. Выготский Бала ойынының барлық символикалық функциясының түсіндірілуі кілтті осында жатыр деп ойлайды. Шүберектің кішкене жыртындысы немесе шыбықтар ойында кішкентай бала болады, себебі олар кішкентай баланы қолға ұстау немесе оны тамақтандыру бейнесінің ишарасын береді. Баланың өзіндік қимылы сол затқа белгілер функциясын береді, мағына үстейді. Барлық символикалық бейнелеу іс-әрекеттері сондай нұсқаушы ишараларға толы. Бала үшін шыбық мінетін аты бола алады, себебі оны аяқтың ортасына сыйдыруға болады, сонда таяқшаны атты білдіретін ишара ретінде қолдануға болады.

Сөйтіп, бұл көзқарас бойынша балалық символдық ойындар, жеке ойыншықтардың мәнін көрсететін және хабарлайтын ишара көмегімен болатын сөздің өте күрделі жүйесі ретінде түсініледі. Тек нұсқаушы ишаралар негізінде ойыншық бірте-бірте өз мәніне ие болады, сол сияқты сурет салу да алғаш ишараға негізделіп, кейін жеке белгі болады.

Осы тұрғыдан Выготский екі фактіні ғылыми түрде түсіндірген:

Бірінші факт: бала ойынында барлығы бүкіл нәрсе бола алады. Мұны осы мәндермен үйлестірілетін ишара арқасында объект өздігінен белгілердің функциясы мен мәндерін жасайтындығымен түсіндіруге болады. Мұнда мән объектіде емес, ишарада да белгіленетіні түсінікті. Бұл жағдайда бала қандай затпен жұмыс жасайтыны бәрібір екендігін көруге болады. Зат міндетті түрде сәйкес символдық ишараның қосымша нүктесі болуы тиіс.

Екінші факт: 4—5 жастағы бала ойынында ауызша шартты белгілер туындайды. Олар өзара келіседі: «Мынау үй болады, мынау — ыдыс» т.б. Осы жаста заттар мен жасаған нәрселердің мағынасын хабарлайтын және түсіндіретін, талқылайтын бай сөздік байланыс туындайды. Бала тек ишара жасап қоймай, сөйлейді, ойынды өз-өзіне түсіндіреді, сөйтіп, ойынның алғашқы формасы шындығында алғашқы ишара, екінші алғашқы сөздің белгілер көмегімен болатынын көрсетеді.

Бұдан Выготский ойындағы белгі немесе ишара ретінде заттың эмансипациясына әкелетін кезеңді анықтаған. Ишараның мәні ұзақ пайдалану нәтижесінде ойын уақытына сәйкес, ишарасыз белгілі шартты жағдай немесе қатынасты суреттей бастайтын затқа айналады.

Выготский заттардан белгілердің өз бетінше туындауын эксперимент түрінде бақылап және балада заттық жазудың өзіндік бейнелі сатысын (тәжірибелік жолмен) құра алды. Тәжірибе ойын түрінде өткізіледі. Яғни балаларға жақсы таныс жеке заттар шартты түрде біртіндеп басқа заттарды білдіре бастайды. Мысалы, келесі жағына қойылған кітап — үйді, кілттер — балаларды, қарындаш — тәрбиешіні, сағат — дәріхананы, пышақ — дәрігерді т.б. Әрі қарай балаларға бейнелеуші ишара арқылы осы затқа байланысты қиын емес оқиғаны көрсетеді, оны зерттеуші өте оңай оқитын болуы керек. Мысалы, дәрігер арбамен үйге келеді, есікті қағады, тәрбиеші есік ашады, ол балаларды тыңдайды, қарайды, дәрілер жазып береді де, кетеді, ал бала тәрбиешісі дәріханаға барады, оралады, балаларға дәрі береді.

3 жастағы балалардың көпшілігі мұндай символикалық жазбаларды жеңіл оқиды. 4—5 жастағы балалар одан күрделіні оқиды: бала орманда серуендеп жүр, оған қасқыр тиіседі, адам қашып құтылады, дәрігер оған көмек көрсетеді, ол дәріханаға барады, одан соң үйіне барады. Аңшы қасқырды өлтіруге орманға барады. Заттардың ұқсастығы символикалық жазбаны түсінуде белгілі рөл ойнамаған. Сондықтан



ишараның сол құрылымына қатыссыз заттарды бала толығымен теріске шығарған.

Зерттеуде ғалымның байқағаны бала үстелде отырып ойнайтын және жазу үстеліне кішкентай заттарды қою талап етілетін ойынға қатысудан бас тартады. Біз оның саусақтарын алып, кітапқа қойып: «Мынау — балалар болады» деп қалжындасақ, ол қарсы болады. Яғни ондай ойын болмайтындығын айтады. Оның саусақтары нұсқаушы ишараның объектісі бола алмайды және оның өз денесімен тығыз байланыста. Сол сияқты сол бөлмедегі шкаф секілді үлкен заттар ойынға қатыса алмайды. Сурет салуға байланысты жағдай да осындай дейді ғалым. Мұнда Выготский баланың жазба тілі табиғи жолмен туындамайтынын көрсеткен. Алғашқы сурет салу қарындашпен қаруланған қолдың сілтеуінен туындайды. Ондағы бейнелеу қандай да бір затты өз бетінше көрсете бастайтынын білдіреді. Бұлай дегеніміз салынған штрихтар өзіне сәйкес атауға ие болады деген сөз дейді автор.

Өз еңбегінде Выготский көптеген зерттеуші ғалымдардың тәжірибелері туралы деректер келтіреді. Мысалы, Ш.Бюлер сурет салудағы балалық штрихтардың даму барысында бірте-бірте алға жылжитынына назар аударған: сөздік белгілер бір белгіге айналады. Ақырында, ол алдағы сурет салудың өзіне атау болып құралады. Бұл салынған форманың белгісіне қарай белгісіз бір нәрсені бейнелеуге ықыласы дамиды. Алда жүретін сөз рухани прогресс үшін маңызды тәсіл болып табылады. Г.Гетцер мектеп жасындағы баланы жазуға үйрету үшін психологиялық жағынан қаншалықты жетілетінін зерттеуді алғаш эксперимент арқылы кең көлемдегі сұрақ ретінде қойды. Ол баланы жазуға үйрету үшін маңызды заттардың символикалық бейнесінің функциясы қалай дамитынын зерттеуге талпынды. Ол үшін Гетцерже 3 пен 6 жас аралығындағы балалардың символикалық функциясының дамуын эксперимент арқылы анықтау керек болды. Бірінші ойындағы символикалық функция зерттелді. Бала ойнап отырып, әкесі немесе шешесін бейнелеу арқылы олар күні бойы не істейтінін көрсету керек еді. Ойын процесінде оған қатысатын заттардың шартты талдануы туындайды, ал зерттеушіге ойынға қосылған заттардың символикалық функциясын бақылауға мүмкіндік туды. Содан соң әкесін немесе шешесін бейнелеу үшін құрылыс жабдықтары болуы керек те, оны түрлі түсті қарындаштармен салу керек еді. Барлық назар әсіресе екінші және үшінші серияға тиісті мағынаның аталу кезіне аударылды. Төртінші серияда хат тасушысы ойыны болғанда, баланың бұрыштары түрлі түстермен боялған телеграмма, газет, ақша аударылымы, хаттар, пакеттер, ашық хаттар т.б. хатшы апаратын, күнделікті уақиғалар туралы хабар түрлерінің белгілерін көрсететін жайттарды қаншалықты қабылдай алатындығы зерттеледі. Сөйтіп, барлығы да символдық қызметке негізделетінін әр түрлі іс-әрекет түрлерін бір қатарға қойып, олардың бәрін генетикалық тұрғыдан жазу тілінің дамуымен байланыстыруға тырысты дейді.

Выготский Гетцер тәжірибесінен символикалық мағына бейнелеуші ишара және сөз арқылы ойында қалай туындайтынын бақылауға алған. Мұнда баланың эгоцентрилік тілі айқын көрінеді дейді ғалым. Кейбір балаларда барлығы қимыл және мимика көмегімен бейнеленіп, сөз символикалық құрал ретінде қолданылмайды, кейбіреуінде сөз әрекетпен қатар жүреді, бала айтады және әрекет жасайды. Үшінші топта ешқандай да басқа іс-әрекет қолданылмай, таза сөзбен бейнелеу үстем болады. Ал 4-ші топтың балалары мүлдем ойнамайды, оларда бейнелеудің жалғыз тәсілі сөз болады, мимика мен ишара мұнда 2-ші қатарда қалып қояды.

Тәжірибе көрсеткендей, жылдан-жылға біртіндеп таза ойын әрекетінің пайызы азаяды және сөздің басымдығы артады. «Бұл генетикалық зерттеудегі ең мәнді қорытынды 3 және 6 жас арасындағы балалар ойынының айырмашылығы символдарды қабылдау емес, бейнелеудің түрлі формаларын қолдану тәсілінде екендігі жайындағы факт болып табылады», — дейді Гетцер. Бұл ойындағы символдық бейне мәні бойынша жазба тіліне тікелей әкелетін сөздің өзіндік бейнелі формасы болып табылатынын көрсететін маңызды қорытынды.

Осыдан кейін Выготский мынандай тұжырымға келеді. Даму ыңғайына қарай, атау процестің басына қарай жылжиды және процестің өзі қазір айтылған сөздің жазылу сипатын көрсетеді. 3 жастағы бала құраудың бейнелік функциясын түсінеді; 4 жастағы бала құраудан бұрын өз өнімдерінің атын атап алады. Бұл сурет салуда да орын алады. 3 жастағы бала суреттің символдық мағынасын білмейді екен, 7 жаста ғана оны толығымен меңгереді. Бала суретіне жасалған бұрынғы талдаулар көрсеткендей, психологиялық көзқарас тұрғысынан Выготский оны өзіндік бейнесі бар бала сөзі деп қарастырады.

Бала алғашында есінде қалған нәрселер бойынша сурет салады, ал оған қарама-қарсы отырған шешесінің суретін не алдында тұрған затты салу тапсырылса, бала не көргенін салмайды, білетінін салады. Бюлер «рентгендік сурет» деп атайтын нәрсе осылай туындайды. Бала адамды киіммен бейнелейді, бірақ ол оның аяғын, денесін, қалтада жатқан әмиянын, ондағы ақшасын, яғни сол суреттен олардың көрінбейтіні белгілі болса да, білетіндері туралы салады. Адамның профилін салғанда оның екінші көзін, аттағы адамның



Кітап: Ойлау және сөйлеу

Дәріс: Баланың жазбаша сөйлеуінің даму тарихы

екінші аяғын салады. Балалардың суретінде бейнеленген заттың ең маңызды бөлігі ескерілмейді, мысалы, бала аяқты бастан бірақ шығатындай етіп, мойынды салмай кетеді. Бұл, Ш.Бюлердің айтуынша, бала жаратылысында қалай айтса — солай салады.

Қорытындылай келе, бұл Выготскийге баланың сурет салуын оның жазба тілінің алдындағы сатысы ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Психологиялық функциясы жағынан баланың суреті өзіндік бейнесі бар бір нәрсе жайындағы графикалық сөз, графикалық әңгіме. Бала суретінің техникасы суреттің тап сол графикалық әңгіме, яғни баланың жазба тілі екендігін көрсетеді. Сондықтан баланың сурет салуының өзі, Ш.Бюлердің ескертуі бойынша, бейнеден бұрын сөйлеу екені анық.

Қосымша әдебиет:

1. Выготский Л. С. Ойлау және сөйлеу. Изд. 5, испр. — «Лабиринт» Баспасы, М., 1999.
2. Выготский Л.С. История развития высших психических функций. Собрание сочинений, том 3. М.: Педагогика, 2003.
3. Выготский Л.С. Педагогическая психология. М.: Психолог, 2001.